

# ИСЛАМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

ЖӘНЕ

№13 (73)

1-15 ШІЛДЕ,  
2006 ж.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫНЫҢ ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТИ

## Казакстан мұсылмандарының 1-ші құрылтайына бір ғасыр



Суретте: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға көтүсушілердің бір тобы.  
(Суретке туғырған Марат қажы Кенесұлы.)

толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының үйіндестірылумен Алматы қаласындағы Достық үйінде 21-маусымда өтті. Оған көршілес Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан республикаларындағы діни басқармаларының өкілдері, ұлттық ғылым академиясының көрнекті ғалымдары мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының облыстар мен өңірлердегі өкілдері, Алматы өңірі мен қаласындағы ірі мешіттердің Бас имамдары, дін жанашырлары, Қазақстан қажылары қауымдастырының өкілдері катысты. Республикалық басты-басты бұқаралық ақпарат қуралдарының журналистері бұл келелі басқосу жайлы репортаждар жүргізіп, арнайы хабарлар дайындауды. (Бұл туралы материалдарды 3-5 беттерден оқы аласыздар.)

Ия, 1906 жылдың  
көктемінде Жетісү  
мұсылмандарының тұнғыш  
құрылтайының өткеніне дей-  
жусырда 100 жыл, яғни бір  
ғасыр толды. **Казакстан**  
жұртылысы  
аталарымыздың осынау  
құрылтайын арнайы іс-  
шаралармен атап өтуде.  
Ол осы оқиғаға қатысты  
терең де жсан-жакты ой  
жүгіртуге, бір ауық  
көненімізге көз тастап,  
алдағы күндер туралы  
теренірек толғануға  
жетелері және өткенімізд  
зерделеп көнірек  
багамдауга, өрі оны бүгінгі  
күнмен де байланыстыруға  
мүмкіндік бермек. Кешегін  
түйсіну ғана бүгінгі уақыт  
тынысын дұрыс түсініп,  
алдағы күндерге байыпты  
бағдар жасауға негіз  
келайды.

Жетісү мұсылмандарының  
тұңғыш съезі жайлар сөз  
қозғаудың тариххқа бойлап  
ата-баба құндылықтары  
мен мәдени  
қайнарларымызға  
курметпен қарауда, қазірг  
кезеңде тұрақтылықты  
қамтамасыз, егемендікти  
баянды етуде, сондай-ақ  
болашақ үшін де ықралы

Зор.  
Отандық тарих Исламмен  
байланысын ешқашан да  
үзген емес, тіпті Ислам  
дәстүрлеріңсіз қазақ  
мәдениетін елестете де  
алмаймыз. Сол себепті әр  
кезде де Ислам біздің  
рухани дамуымыздың негізі  
үйіткесін бол келді және  
о солай бола бермек.

Мұсылмандық Орта Азияға оның ішіндегі қазақ еліне біздің дәуіріміздің УШІ гасырында ене бастады. 751 жылы Талас бойында қаралқыштар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқаста мұсылмандардың жеңісі бүкіл Орта Азиялық аймаққа Ислам дінінің ғана емес, сондай-ақ оның мәдениетінің де еркін таралына жол ашты.

Өлкені исламданыры мен  
оның құндылықтарын енгіз-  
бейбіт сипатта жүрді.  
Әдеби жазбалар мен  
тарихи құжаттарда да  
жергілікті халық  
тарапынан Исламға деген  
теріс көзқарастың  
байқалғаны жайлы  
ешқандай дерек жоқ. Орта  
Азия халықтарының  
дастандары мен бейнелеу  
өнері туындыларында да  
мұсылмандықты теріске  
шығару үшінраспайды.  
Шын мәнінде Ислам



Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ, Қазақстан мұсылмандары дінін басқармасының төрағасы, Бас мұфти

# 100 ЖЫЛ БҮРЫН ӨТКЕН ҚҰРЫЛТАЙ

## ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ТҰСЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ ӨЛКЕСІНІҢ РУХАНИ АХУАЛЫ

Мұсылман мәдениеті сайын  
даламызың келген кезден бастап  
үнемі даму үстінде болды. Өткен  
ғасырда бірақ исламдандыру  
карқыны біршама боссендеді. Оған  
халқымыздың тәуелсіздігінен  
айрылуы себеп болды. Мұнан бір  
жарым ғасыр бұрын еліміз  
бодандық қамытын киді. Рухани  
дағдарысқа үшырады. Өз  
тағдырын өзі шеше алмай,  
толығымен патшалық әкімшілікке  
төуелді күй кешті. Қазақтың өзі  
салт-дәстүрлері мен діні  
кемсітушілікке үшырап,  
шеттетілді. Рухани  
құндылықтарымыз бодандықтың  
бүкіл тауқыметін тартты.

Оңыл тауқыметін тарты.

Патша үкіметі Ислам дінінің дамышы, нығаюыны мұдделік танытпады. Керісінше отаршылы шенеуніктер Ислам дінінің ықпалын барыншы шектеуге тырысты. Мұның шектен шыққан мысалының бірі жергілікті халықты шоқындыру бағытын-дағы ашық іс-әрекеті еді. Түрлі тарихи еңбектерден Қазақстандағы көптеген шоқындыруға қатысты деректердің оның табуга болады. Патша үкіметі шікі Ресейден өзге дінді үлт өкілдерін елімізге көтеп коныс аударуы арқылы да қазақтар арасына өз ықпалын арттыруға күш салды. Бұған жер-жерде миссионерлік жүйеге қызмет ететін жексенбілік-діни мектептерге ашылып, Ислам дінінің тамырына балта шабу мақсатын қөздеген үгіт-насихат жүргізілді. Әйтсе де осындаid күйтіркі іс-әрекеттерге карамастан ата-бабаларымыз өз сенімдері — діндерін бағыттапады. Отандастарымыздың көпшілігі өзінің үлттық салт-дәстүрлері мен Ислам идеалдарына

Губерниялық мекемелердің  
кысым көрсетуіне қарамастан  
Ислам діні мүмкіндігінше өз  
ықпалынан айрылмаған  
тырысты. Ислам діні қазақ халқына  
рухани бағыт-бадар беруші болып  
қала берді. Отаршылардың жатыл-  
сенімді күшпен де, неше тұрлар  
айла-шарғымен де тықпалдауда  
басынан: Сән

Петербургтен осы мақсатпен жіберілген шенеңніктерінің қаншама күш салуы да болғарынан өүрешілік бол калды. Бұл реттің кезінде миссионерлердің де ішінде өрекетінен ештеңе шықпайтының айту ләзім.

ХХ гасыр басында құрамында  
Қазақстан да бар Ресе-  
империясындағы жағдай елеулі-  
өзгеріске үшінди. Қоғепеге-  
халықтардың, соның ішіндегі  
орыстардың да түрмесінен  
айналған ірін-шіріген патша билік-  
өзінің қабілетсіздігін танытты.  
Улан-байтақ аймакты алыш жаткады.  
алып империя алакандай гана  
жапондардан ойсырай женилді. Бұл  
әскері күйреу Ресеей халқының  
жаптай наразылығын туғызды.

Наразылық империя орталығында  
хөм оның шеткі аймақтарын дарынды  
қамтты. 1905 жылғы көтерілік монархиялы тәртіпке елеулі катар  
туғызды. Орыс жұмысшылары мен  
шаруалары, елдің шеткі үлгілері  
аймақтарының тұрғындары да  
патшалық билеп-төстөу мәселесін  
зорлық-зомбылыққа қарсы бағыттауда  
көтерді. Төңкерісшіл көніл-күйдің  
өрши тусуінен қаймықкан патшалық  
үкіметі оларды алдаркату үшін  
бірқатар жеңілдік жасауға қадада  
жасады. Соның нәтижесінде орыс  
халқымен қатар империяның  
шеткі аймақтарының аз санды  
үлгілары мен ұлыстары біршама  
бостандыққа қол жеткізді.

Қазақстандағы шенеунің аппарат та жұмсарды. Со

жасалған жөнілдіктің бірі дінге де қатысты еді. Патшага қарсы толкудың күш алынан қаймықан шенеуніктер Исламға қарсы іс-әрекеттерден уақытша тартыныға мәжбүр болды.

Отаршылдар қазақтар арасында мұсылман мәдениетінің қаншалықты маңызды рөл атқарытының түсінді. Осы себептен де (ізгі ниеттен емес) акылдааса келіп губерниялық құрылым аясында Қазақстандағы Исламның маңызын мойындауға еріксіз қөнді. Соның нәтижесінде Алматы (сол кезде Верный) қаласында Жетісу мұсылмандарының тұңғыш құрылтайын өткізуге рұқсат етті.

Құрылтайдың өткізілуін губерния шенеуніктері барынша қадағалады. Қазақстан Республикасының Орталық мұрағат қорында осы атаған іс-шараны өткізуге қатысты материалдар сакталған. Жаркент уезі бастығының міндеттін уақытша атқарушының Жетісу облысы өскери губернаторына жолдаған рапортында: "Жоғары мөртебелім! Он алтынши наурызда... Теміршиев 23 наурыздағы Жетісу облысы мұсылмандарының құрылтайна қатысушын Верный қаласына жүріп кетті", — деп атап көрсетілген (КР Орталық мемлекеттік мұрағаты. Көр N44, тезбе N2, іс N 2495).

Уез шенеунігі рапортынан келтірілген бұл үзінді облыс

# (1906 жылы сәуірде Верныйда [Алматыда] Жетісу мұсылмандарының тұнғыш құрылтайы өтті) Әкімшілігінің мұсылмандарының



i) Әкімшілігінің мұсылмандар құрылтайның қатысты кез келген іс-әрекетке мүқият көніл бөліп отырылады.

Түркістан генерал-губернаторы кеңесінің құжаттары да қоңыл аударапрыз. Бұл дерек қоздерінде аймақ мұсылмандарының қызметі мұкият реттелген. Жетісу шенеуніктерінің нұсқаулары құрылтай еткізу барысында ескерілгендігі даусыз. Соның ішінде император II Николайдың министрлер комитетінің **Журналын** бекіту жөніндегі 1904 жылғы 17 сәуірдегі жарлығы мен езге үлттар мен езге діндегілердің меселелері жөніндегі 1904 жылғы 12 желтоқсандағы **Жарлығына** да насыр айттармен үйректі омырау.

назар аудармау мүмкін емес.  
Жоғарыда аталағандай  
министрлер комитеті 1904 жылғы  
12 желтоқсандағы император  
жарлығының бабының орындану  
тәртібі туралы 1905 жылғы 22  
ақпан мен 1 наурыздағы ерекше  
Жұнаныңда байпаша калып етті.

Журналында былаша қаулы етті.  
“Мемлекеттік кенеске құрмет  
ретінде ведомствоның алдың-ала  
келісімінсіз діни тәзімділік туралы  
Министрлер Комитеті жобалаған  
төтеншे мәжіліске осы  
журналдағы түсінктер негізінде  
төмөндегідей мәселелер мен  
алдың ала түзілген заң жобалары

- 1) өзге діндеғілердің құлышылық үйлерінің ғимараттары туралы;
  - 2) мұсылман дінбасыларын сарай және тағайындау тәртібі туралы;
  - 3) исламның кейбір басшыларын запастан әскерге шакырудан босату туралы”

шакырудан босату туралы". Жетсіу мұсылмандарының алғашқы құрылтайының материалдарынан белгілі болғанындаі бірінші және екінші мәселелер мәжілістің, барысына тікелей қатысты болды. Бұл екеуінен басқа баптарты басқа да жағдайларға әсер етті. Мысалы, №4 бап. Бұл бап діни мектептер мен медреселер ашу тәртібін қарастыратын еті.

(Жалғасы 4-5-беттерде)